



ІІМ Қазақстан халқына Меккеге сапарды ұйымдастыру кезінде сақ болуға кеңес берді

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мекке мен Мединаға, сондай-ақ әлемнің басқа елдеріне саяхаттауды жоспарлаған азаматтарға алаяқ компаниялардың айласына түспеу үшін сақтық шараларын ескеруді ұсынды.

«Фирманың лицензиясын және ол туралы пікірлерді тексеріңіз. Мұндай сапарларды ұйымдастыратын ресми туристік компаниялардың мемлекеттік лицензиясы болуы қажет. Клиенттердің пікірлерін мұқият зерттеңіз. Туроператорлар әр туристке арнайы туркод ұсынуы тиіс. Тым төмен бағаға қызығып, алаяқтардың құрбаны болмаңыз. Егер ұсыныс күмән тудырса, асығыс шешім қабылдамаңыз. Туристік фирмалардың бағаларын салыстырып, нарықтық деңгейге сәйкестігін анықтаған жөн», — делінген ІІМ таратқан хабарламада.

Алаяқтардың арбауына түспеу үшін келесі сақтық шараларын ұстану қажет:

- Құжаттар мен келісімшартты тексеріңіз;
- Барлық келісімшартты мұқият оқып шығыңыз. Егер бір нәрсе түсініксіз болса, маманмен кеңесіңіз;
- Байланыс деректеріне назар аударыңыз;
- Сенімді турфирманың нақты мекенжайы, байланыс телефоны және электронды поштасы болады. Алаяқтар көбіне байланыс деректерін жасырын ұстауы мүмкін;
- Тур бағдарламасын мұқият зерделеніз;
- Ұсынылған қызметтердің толық тізімін қарап шығыңыз (ұшу, тұрғын үй, көлік, тамақтану, медициналық сақтандыру және т.б.);
- Қосымша төлемдерден сақ болыңыз. Тур бағасына барлық қажетті шығындар кіретініне көз жеткізіңіз.

ІІМ азаматтарға тек ресми тіркелген туроператорлардың қызметіне жүгінуге және күмәнді ұсыныстарға сенбеуге кеңес береді.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселесі талқыланды

Алматыда «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңға арналған дөңгелек үстел өтті.

Іс-шараға Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбеил, мемлекеттік органдардың, Кәсіпкерлер палатасының, бизнес-қауымдастықтың өкілдері және қалалық мәслихат депутаттары қатысты.

Дөңгелек үстелге қатысушылар 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның негізгі тармақтарын талқылады. Д.Кеңбеил заңның тиімді тұстары мен оның алғашқы нәтижелеріне тоқталды. Осылайша, енді сатып алулардың жеңімпаздары 10 жұмыс күні ішінде анықталады, ал рейтингтік-баллдық жүйе бойынша конкурстар небәрі 5 жұмыс күні ішінде өтеді. Бұл ретте жергілікті

жеткізушілер үшін шартты жеңілдіктер 1-ден 2%-ға дейін ұлғайтылды.

Вице-министрдің айтуынша, қазірдің өзінде әлеуметтік маңызы бар нысандар бойынша келісім-шарттар жасалып, жеңімпаздардың басым бөлігі болып жергілікті компаниялар анықталған. Биылғы жылдың бір жарым айында жалпы құны 1,3 триллион теңгеден асатын 330 мың келісімшарт жасалса, өткен жылы осы кезеңде 339 миллиард теңгеге келісімшарт жасалған.

Қаржы вице-министрі Дәурен Кеңбеил: «Біздің министрлік мемлекеттік сатып алуудың барынша ашық жүйесін құруға ұмтыла отырып, бизнес пен мемлекеттік органдардың ұсыныстарына әрқашан ашық», деп атап өтті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Президент бірқатар нысанды аралады

Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі жазды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің жаңа ғимаратына барды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сай архив Алматыдан Астанаға көшірілді. Бұл ел тарихына қатысты құжаттар сақталатын орын ғана емес, білім және ғылыми-әдістемелік кешен ретінде қызмет көрсететін Орталық Азиядағы алғашқы архив болмақ.

Арнаулы ғимаратта мұрағат қоймасы, зертханалар, интерактивті экспозиция және оқырман залдары, жұмыс бөлмелері мен әкімшілік аумақ орналасқан. Мұндағы 24 мұрағат қоймасы қағаз жүзіндегі құжаттарды, дыбыстық-бейнелік жазбаларды сақтауға, сондай-ақ шағын таспалардағы және электрондық құжаттарды сақтандыру қорын орналастыруға арналған.

Президент Архивінде Қазақстанның 1918 жылдан бергі саяси тарихына қатысты құжаттардың мол қоры жинақталған. Атап айтқанда, қорда еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы, сыртқы және ішкі саясаты, халықаралық қатынастары, экономикалық қайта құру үрдістері мен әлеу-



меттік-мәдени дамуы бойынша материалдар бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде жүргізіліп жатқан қайта жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Мемлекет басшысына жаңғырту жұмыстарынан кейін бас ғимараттың көлемі 10 мың шаршы метрге ұлғайып, 38 мың шаршы метрге жуықтағаны жөнінде ба-

ядалды.

Соның нәтижесінде жаңа арнаулы аудиториялар ашуға мүмкіндік туды. Ауқымды іс-шаралар өткізетін 1100 орындық үлкен концерт залы пайдалануға беріледі. Бұдан бөлек, оқу корпусында академиялық музыкаға арналған камералық зал, дайындық студиялары, студенттер мен өзге де суретшілердің туындылары қойылатын көрме галереялары бар.

Мәжіліс спикері Қытай елшісімен кездесті



Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Хань Чуньлинмен кездесті.

Әңгімелесу барысында Мәжіліс спикері Хан Чуньлинді Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының басталуымен құттықтап, бұл екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамуы кезеңіне сәйкес келгенін атап өтті.

— Қытай — біздің ең жақын көршіміз. Екіжақты қарым-қатынасымыз жаңа «алтын отыз жылдықтың» кезеңіне еніп, мәңгілік жан-жақты стратегиялық әріптестік рухында

нығайып келеді. Бұл—ең алдымен, елдеріміздің көшбасшыларының қажырлы еңбегінің нәтижесі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевпен Төраға Си Цзиньпиннің тұрақты жеке кездесулері Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығарды, — деді Е.Қошанов.

Мәжіліс спикері мемлекет басшылары қол жеткізген барлық уағдаластықты іске асыру үшін парламентаралық байланыстарды дамытуға дайын екенін айтты.

Ерлан Қошанов сондай-ақ дипломатты Мемлекет басшысының жетекшілігімен Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан ауқымды экономикалық және саяси реформалар туралы хабардар етті. Мәселен, халықтың бейбіт атомды сенімді әрі экологиялық таза энергия көзі ретінде дамыту туралы шешімі жайлы айтып, бұл қадам алдағы уақытта ғылымның, техниканың және өндірістің өркендеуіне бастайтынына назар аударды. Сондай-ақ өндіріс саласын кеңейту, банк секторын нығайту және инвестиция тарту бойынша жоспарлар да сөз болды.

Өз кезегінде Хан Чуньлин Қазақстан мен Қытай көшбасшылары саясатының ортақ тұстары барын және халықаралық күн тәртібінен экономикалық дамуға дейінгі мәселелер бойынша ұқсас құндылықтарды қамтитынын атап өтті. Елші Қазақстан ҚХР үшін Орталық Азиядағы аса маңызды сауда және инвестициялық әріптес екеніне тоқталды. Ол сондай-ақ партияаралық байланысты нығайтуға мән берді.

Тараптар энергетика, жасанды интеллект, цифрлық экономика, білім беру және туризм сияқты бағыттардағы ынтымақтастықты тереңдету жайын да талқылады.



КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫҒА БАСПАНА ТАРТУ ЕТІЛДІ

Аудан орталығында Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Нышанов Қанат Нұрбекұлы көп балалы отбасыға баспана тарту етті. Игі шараға аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов арнайы қатысып, аудан басшысының ыстық сәлемі мен алғысын жеткізді.

«Соңғы уақытта ауданда көп балалы және мұқтаж отбасыларға баспана тарту ету ісі тұрақты үрдіске айналууда. Бұл игі бастама ауданымызда әрбір отбасыға қолдау көрсету, олардың тұрмыс жағдайын жақсарту бағытында атқарылып жатқан үлкен жұмыстардың бір бөлігі. Ауданда баспана кезегінде тұрған отбасыларға қолдау көрсету мақсатында бірқатар шаралар жүзеге асырылууда. Аудан басшысының атынан барлық жомарт жандарға, осы шараның ұйымдастырушыларына шынайы алғысымды білдіремін», - деген аудан әкімінің орынбасары Серік Сахиұлы аудан басшысы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың мәселесіне әрдайым жіті назар аударып, бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев өз сөзінде баспана иесіне ізгі тілегін арнап,

құттықтауын жеткізді.

Шараға ауыл қариялары да қатысып, көп балалы отбасының қуанышымен бөлісті. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, ауданның Құрметті азаматы, спорт ардагері Анарбай Шәдібеков, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, ауданның Құрметті азаматы Мыңжасар Асқарұлы ақ баталарын арнап, игі іске ыйытқы болған азаматтарға бақытты өмір тіледі.

Баспана иесі Гаухар Дүйсенбекқызы өз қуанышымен бөлісіп, жақсылық жасаған жандарға алғысын білдірді.

«Бүгінгі қуанышты сәтте мен сөзбен жеткізе алмайтын сезімдерді бастан өткеріп отырмын. Көп балалы ана ретінде біз үшін баспана—ең маңызды қажеттілік. Бүгін мен және отбасыма жасалған осындай үлкен жақсылықты, қамқорлықты ешқашан ұмытпаймыз. Баршаңызға үлкен рақмет!» - деді.

Айта кетейік, баспана су, жылу және басқа да барлық қажетті коммуналдық қызметтермен толық қамтамасыз етілген. Тұрмысқа қажетті жабдықтармен қоса қамтылып, отбасының жайлы өмір сүруі үшін барлық жағдай жасалған.

АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІН ҚАБЫЛДАП, ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Кеңес әскерінің Ауғанстан аумағынан шығарылған күніне орай ардагерлермен кездесіп, мерекелерімен құттықтады. Алғыс хат пен сый-сияпат табыс етіп, құрмет көрсетті. Еркін тақырыпта пікір алмасып, ауданда түрлі сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға

тоқталып өтті.

Ауғанстан соғысы ардагерлерінің «Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бегалы Омарбеков бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Ардагерлер өткен жолғы кездесуде айтылған ұсыныс-пікірлерінің орындалғанын айтып, ауданда атқарылып

жатқан жұмыстарға ризашылықтарын білдірді.

Қазіргі таңда ауданымызда 18 Ауған соғысына қатысқан ардагер бар. Олар түрлі салада қызмет етіп келеді. Бір жолғы жәрдемақы төленіп, қосымша емдеу-сауықтыру демалыс орындарына жіберілуде.



АУДАН БАСШЫСЫ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков кезекті рет аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға келген 20-дан аса азаматтар тұрғын үй, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау саласы мен әлеуметтік мәселелер бойынша жүгінді.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы әрбір мәселені мұқият тыңдап, әрқайсысы-

ның маңыздылығына ерекше назар аударды.

Әр мәселені жан-жақты сараптап, шешу жолдарын талқылады. Өтініштер бойынша тиісті сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеп, айтылған мәселелер жеке бақылауында болатынын жеткізді.


«АҚБИКЕШ» МҰНАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЖҰМЫСШЫ ТОБЫ ЕСКЕРТКІШТІҢ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Созақ ауданындағы «Ақбикеш» мұнарасына арнайы құрылған комиссия мүшелері барып, ескерткіштің бүгінгі жай-күйімен танысты.

Бұл жұмыс тобы қайта қалпына келтіру жұмыстары кезінде қолданылған материалдардың бұзылу себептерін анықтау мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 10 ақпандағы №56-НҚ бұйрығымен құрылған болатын. Оның құрамына министрлік өкілдері, Түркістан облысы әкімдігі, реставраторлар, авторлық қадағалау мамандары және аталған ескерткішті бұрын зерттеген сарапшылар енгізілді. Комиссия өз жұмысын алдағы уақытта аяқтап, тиісті жұмыстарды атқару жоспарланып отыр.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тарихи-мәдени мұра басқармасының басшысы Жанат Сейдалиеваның айтуынша алдағы уақытта мұнараға консервациялық жұмыстар жасалады.

—Ең маңыздысы—бұзылған мұнараның өзі емес, қайта қалпына келтіру кезінде қолданылған материалдар. Қазіргі таңда тарихи көрінісін сақтап тұр. Егер қайта қалпына келтіру туралы шешім қабылданса, ғылы-



ми-реставрациялық жұмыстар тиісті лицензиясы, біліктілігі және тәжірибесі бар ұйыммен орындалады. ҚР Заңнамасына сәйкес, ескерткіш тек толық физикалық жойылған жағдайда ғана тарихи-мәдени құндылық мәртебесінен айырылады. Осыған байланысты, «Ақбикеш» мұнарасы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші мәртебесін сақтап қалады, — деді Жанат Сейдалиев.

«Жұмыстар алдын ала дайындалған ғылыми-жобалық құжаттамаға сәйкес орындалды. Соған сай сапа-

лы материалдар пайдаланылды. 2020 жылға дейін мұнараның сақталу деңгейі 5-6 метр биіктікте болған. Ғылыми-реставрациялық жұмыстар күннің суығында жүргізілгендіктен, ауа райының қолайсыздығы жаңа және бұрынғы материалдардың бірігу процесіне кері әсерін тигізді. Қайта қалпына келтіру жұмыстары (реконструкция) бойынша шешім мамандардың пікірін ескере отырып қабылданады, — деді «Қаз-қайтажаңарту» РМК директоры Алмас Абдиев.

Айта кетейік, тарихи нысан Ақсұмбе ауылынан батысқа қарай 1 шақырым жерде биік жота басында орналасқан. 2019 жылы республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізілген. Мұнараға 2020 жылы алғаш рет республикалық бюджет есебінен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен «Қаз-қайтажаңарту» РМК-сі тарапынан ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізілген.



СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудан көлемінде сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Санитарлық тазалықты сақтау мақсатында ұйымдастырылған сенбілікке аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері атсалысты.

Тазалық жұмыстары кезінде саябақтар, ішкі көшелер, ауылдардың маңындағы сай-сала мен су өткізгіш құбырлар орынсыз тасталған тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. Әлеуметтік нысандардың ауласындағы қоқыс қалдықтары шығарылып, аяқ жолдар қалыпқа келтірілді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жастар саясаты

ЗАҢДЫ БІЛУ-
ӨЗІҢЕ ҚОРҒАН БОЛУ...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» тақырыбындағы сұқбатында ел жастарына зор сенім білдіретінін атап өтіп, Қазақстанның алдағы уақытта да өз егемендігін нығайту үшін стратегиялық жоспарлар жүзеге асатынын айтты. Күні кеше ғана Президентіміз Астана қаласында еліміздің белсенді жастарымен үлкен бас қосу өткізіп онда да жастарымыздың білімді, өнегелі, үлгілі болуы ел дамуына зор серпін беретінін де айтып өткен болатын.

Дүниеге келген сәттен бастап өміріңнің соңғы күніне дейін әрбір басқан қадамыңа сенімді болу үшін бүгінгі күні білімің жетік болуы тиіс. Осындай қарбалас заманда өз құқығымызды қорғай алмай жататындығымыз өтірік емес.

Байқайсыз ба, бүгінгі күні ата-аналарымыз: «Шамаң келсе, заңды оқып ал, қарағым. Сонда ғана өзгеге жем болмайсың» - деп жатады.

Астарын ақтарып жатпасақ та, белгілі жайт. Өз құқығын білмегендіктен жоқ жерде таяқ жеп жатқандар аз емес. Бұл құқықтық сауатсыздықтан деп білемін.

Жұмыссыздық жайы бүгінгі күннің айтулы мәселелерінің бірі. Арман қала Алматыға оқу, жұмыс іздеп келіп, құр алақан қайтып жатқан адам санынан гөрі алданып жатқандар белден асады. Студенттер арасында тәжірибені бір ай өтіп, жұмысқа алынбай, көк тиынсыз қалып жататындары да бар. Мұндай жағдайларда әрбір адамзат баласы азаматтық құқығын, еңбек құқығын білмей жатса, жағдай тек қиындай түседі. Заңнан хабары жоқ халық құқық пен заң сөздерін естісе, бастарын ала қашады. Мұның да себебі сауатсыздық.

Газет-журнал беттерінен заң мен қылмысқа байланысты мақаланы оқып, байыбына барып жатқандар санаулы шығар. Азаматтық құқығымызды қанша талтап жатса да табандылық көрсететіндер аз. Кей кездері қазаққа тән «ұят» жібермей қалатын кездер аз емес. Одан қалса, еріншектігіміз де бар. Жақында ҚазҰУ-дың заң факультеті азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек кафедрасының доктор PhD доцент м.а., Карашева Жанар апайымыздың «Ақылы қызмет көрсету шартының қалыптасу негіздері» атты мақаласын қарастырдым. Онда жұмыстың мақсаты ақылы қызмет көрсету шартын анықтау және даму заңдылықтарын қарастыру; ақылы қызметтің даму кезеңін айқындау; ақылы қызмет көрсету шартының ерекшеліктерін анықтау. Мақаланың өзектілігі мынадай факторларға байланысты: Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін азаматтық кодекстің жалпы бөлімі 1994 жылы алғаш рет қабылданып, содан 1998 жылы арнайы бөлімі қабылданды осыған қатысты ақылы қызмет көрсету шартын толық өзге құқықтық шарттан өзгешілігін қарастыру болып табылады. Қазіргі таңда, міндеттемемен ақылы қызмет көрсету шарттарының ерекшеліктерін анықтау және ұқсастығын қарастыру, олардың түрлерін ажырату болып табылады. Азаматтық қоғам институттарының жан-жақты дамуы, мемлекет пен қоғам қатынастарының үйлесімділігі бағдарының нәтижесінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың неғұрлым белсенді өзара іс-қимылына конституциялық тыйымдар мен шектеулер алып тасталғандығы және соның нәтижесінде бүгінде біздің елдің ішкі жағдайы мен қажеттіліктеріне толықтай сай келетін жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі жаңартылғандығын айтып кеткен бұл еңбектің байыбына бара білсең, құқық саласынан сауатың біраз ашылады. Отбасы құқығы, бүгінгі күні белең алып келе жатқан жас отбасылардың арасындағы ажырасу мәселесі, ортақ мүлкті бөлу мәселелері, балалардың құқықтарын кең ауқымда қарастырылған жұмыстарына қарап отырып өзіме алғаным да көп болды. Қашан да еңсенді тік ұстау үшін жан-жақты болған дұрыс екен. Еңбек тақырыбына, жұмысқа байланысты, еңбек етуге байланысты туындаған дауларды шешу жолдары және әркімнің өз құқығын қорғаудағы құқықтары жайлы тақырыпты Худайбердина Гүлнұр аға оқытушымыз өз еңбектерінде осы мәселелерді ашып жазған. Туындыларды оқу барысында өз-өзің сенімділік пайда болатынына көзім жетті. Себебі өз құқығын білген адам жайдан-жай өзгенің дегеніне көне қоймайды. Не дегенмен заңнан хабардар болған дұрыс екен.

Сапаш ОЛЖАС,
ҚазҰУ-дың заң факультетінің
3 курс студенті.

Көктемгі дала жұмыстарына дайындық

Қылышын сүйретіп келген қыстың сүйретіліп шығатын уақыты да таяп қалды. Енді бір екі аптадан соң көктемнің алғашқы айы наурыз кіргелі отыр. Демек, көктемгі егіс жұмыстарының басталатын уақыты да таяп қалды. Осы ретте, ауданымызда көктемгі егіс жұмыстарына дайындық қай деңгейде екенін білу үшін кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөліміне хабарласқан болатынбыз. Бөлім маманы Бақдәулет Есенгелдінің айтуынша:

«Биылғы таңға ауданымызға жалпы егіс көлемі 14 638 га болып межеленді.

Атап айтар болсақ: бидай-370, арпа-1438 га, жүгері-760 га, картоп-508 га, көкөніс-503 га, бақша-502га, мақсары-1100га, мал азықтық дақылдары-9457га. Сондай-ақ, «Көктемгі егін егу-жинау жұмыстарын қаржыландыру»

бойынша ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін несиелендіру жүргізілуде. Көктемгі егіс науқанына «Ырыс МҚҰ» ЖШС-нен бидай, арпа, дәндік жүгері, мақсары, картоп, бақша, көкөніс дақылдарына нормативке сәйкес несие берілуде.

Тағы да 2023 жылдың 13 сәуірінде Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының № 137 бұйрығымен Ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін бөлудің өңірлік операторларын айқындау қағидалары, сондай-ақ Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін мұнай өнімдерінің көлемін қалыптастыру және бөлу қағидалары (бұдан әр-Бұйрық) бекітілген.

Ал енді, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне көктемгі да-

ла жұмыстарына дизель отынын белгіленген операторлар тарапынан агроқұрылымдарға таратуды <https://bpm.gosagro.kz/auth/login>. ақпараттық жүйеге кіру электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану арқылы көктемгі және күзгі дала жұмыстарына дизель отынына өтінім береді. Қазіргі таңда дизель отынын жеткізуші оператор айқындалуда.

Мінеки, көктемгі егіс жұмыстарына ауданымыздың ауыл шаруашылығы саласының дайындығы әзір осы деңгейде болып отыр. Бұйыртса, күн жылып, жер жырытылып, егіс егіп бастағанда шаруа қожалықтарға барып, кеңінен ақпарат та беретін боламыз. Ендеше, сол егістік мерзімі басталатын күнге дейін еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

Теріскей түлектерінің ерлікке толы жолдары

Күнді күн айды ай қуалап, жылмен жыл жарысып, тарих дөңгелегі тынымсыз алға тартып барады. Адамзат тарихында өшпес оқиғалардың бірі-халқымыздың 1941 жылғы 22 маусым күні басталып, 1418 күн мен түнге созылған қанқұйлы соғыста фашистік Германияны талғандаған Ұлы Жеңіс. Әрине бұл, Жеңіс бізге оңайшылықпен келген жоқ. Ұлы Отан соғысы жылдары ауданнан майданға 6000-нан астам адам аттанған екен. Сол сұрапыл соғыстағы қан майданда ата жаумен айқасқан жауынгерлер ауданымызда көптеп саналады. Қозмолдақ ауылының түлегі ұшқыс Құрал Рүстемов Чехословакияны жерін азат етуде ерлікпен қаза тапты. Жерлес жауынгерлеріміздің ішінен Жартытөбе селосына қарасты бұрынғы «1 мамыр» колхозынан шыққан құралайды көзге атқан мерген Құрманбек Әлібаев 176 дұшпанның көзін жойып, қазақтың даңқы жауынгерлері қатарында бүкіл елімізге аты әйгілі болады. Ол соғысқа бастан аяқ қатысып, елге аман-есен оралып, еңбекке араласып жүріп қайтыс болады.

Ал Жақсыберген Әткелбаев Сталинград түбінен Альпі тауына дейін шеру тартып, жаудың танкісін жоятын артиллерист болды. Будапешт түбіндегі ұрысты бір өзі жаудың 8 танкіне қарсы шайқасты. Біздің жерлестеріміздің ішінен даңқты «Катюшаның» командирі болып Берлинге дейін барған Беркімбай Өтешов, жау ұшағын танк ататын зеңбірекпен атып құлатқан Омарбек Дүйсенбеков, елтілігі мен жүректері арқылы жау шебіне еніп, барлаушы болған Атабек Асылбековтердің ерліктері кейінгі толқын жастар үшін өшпес өнеге. Жеңіс шеруіне қатысқан ауданымыздың асыл азаматтары сызғандық Әбілхайым Бөлетовтың, шолаққорғандық Серікбай Бектібаевтың есімдері бүгіндері ел есінде. Уыз жастығын жорық жолдарында Отан үшін от майданға аттанып, қар көшіп, мұз жастанған Қ.Масаев, Ш.Тұржанов, П.Бекжанов, Ә.Асанов, Ә.Құрманов, П.Абдуллаев, Ә.Зейіпбеков, Т.Мұхамедаминов, «Созақ ауданының Құрметті азаматтары» А.Мұқанов, Е.Ембергенов, Б.Тас-тыбаев, Л.Ыбыраева, М.Әсенов, Ш.Темірәлиева, А.Асылбеков, Ә.Бөлетов, Ж.Тойлыбаев, Ж.Көшекөв тағы басқа көптеген ерлердің есімдерін қазір де құрметпен атаймыз. Әрине, соғыс көпте-

ген жетімдерді, жесірлерді, мүгедерді соңына қалдырып кетті. Ауданымызда соғыс қайғысы ізін қалдырмаған жанға сирек кездестіреміз. Тек бір ғана Созақ селолық әкімшілігінің аумағынан 376 боздақ сол соғыста қаза болғанын айтсақ та жеткілікті. Бұрынғы «Қаратау» кеңшарынан 144 адам хабарсыз кетті. Ал байырғы білікті шопан, жартытөбелік Бибі Төлебаеваның бес ағасы, шолаққорғандық зейнеткер Әшімхан Зейіпбековтің әкесі мен үш ағасы қанды шайқастан қайтып оралмады. Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы біздің әділ ісіміздің салтанат құру ісіндегі ұрыстарда жеңісті жақындату жолында ауданымыздан аттанған 4800 адам өз өмірлерін қиды.

Сол бір сындарлы жылдарда күн демей, түн демей, шілденің аптабы мен қаңтардың қаһарлы аязына қарамай «толарсақтан саз көшіп, белуардан су көшіп» бейнет өткен тыл жауынгерлері көптеп саналады. Созақтықтар тылдан майданға жәрдем ретінде соғыс техникасын жарақтауға сүбелі үлес қосты. 1943 жылы танк колоннасын ұйымдастыру үшін 1,5 миллион ақша жиналды. Әсіресе «1 Мамыр» колхозының төрағасы Әлтек Иманқұлов, «Ынтымақ» колхозынан Әділ Ысқақов Отан қорғау қорына өздерінің жеке қаражатынан әр қайсысы 100 мың сомнан өткізіп, патриоттық үлгі-өнеге көрсетті. Жеңіс күнін жақындатуға Отанымыздың әрбір азаматы сияқты созақтық әрбір жанға, әрбір жас пен кәрі өз үлесін қосып отырды.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын алыстап, тарих шежіресіне айналып барады.

Алайда, аудан әкімшілігі кешегі қандыбалақ, адамзаттың қас жауы-фашизмге қарсы ерлікпен күрескен ерлерге құрмет көрсетуді күнделікті назарда ұстап келеді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы құрметі қарсаңында Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, олардың отбасыларына сый-сияпат жасалып, ері соғыстан қайтпаған жесірлерге де құрмет көрсетіледі деп күтілуде. Жыл сайын «Белгісіз солдат» қабіріне гүл шоқтары қойылады. Кешегі батыл да батыр барлаушы, көп жылдар бойы ауданымыздың партия органында қызмет еткен Созақ селосының тұрғыны, екі рет «Даңқ» орденінің



иегері, марқұм Атабек Асылбеков көкеміз көзі тірісінде Ұлы Жеңістің 55 жылдығы мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасының Президентінің қабылдауында болды. Тәуелсіз еліміздің жоғары наградасы «Құрмет» орденімен марапатталды. Соғыс ардагерлеріне құрмет те, көмек те, жеңілдік те жасалуда. Ұлы Жеңістің 51 жылдығы қарсаңында соғыс ардагері Қаппар Әубәкіров Ұлы Отан соғысына қатысушылар жайлы арнайы кітап шығару жөнінде, олардың есімдерін мәңгі есте қалдыру жайлы үлкен ой салады. Артынша жауды талқандап, Жеңіс туын көтерген, сәулетті бейбітшіліктің дәйекті кепілі бола білген халықтың басына төнген ауыр күндерде елін, жерін қорғау үшін жауға қарсы тұрған созақтық ерлер жайлы «Теріскей түлектері жауынгерлік сапта» атты кітап жарыққа шығады. «Теріскей түлектері жауынгерлік сапта» кітабында негізінен осы ата жаумен айқасқан ардагер ағалар жайлы көп мәліметтерге қаныға аласыз. Жорық жолдарында жалынды жастығын қалдырып, жанын қиған аптап азаматтарымыздың өміріне ешқандай баға жетуі мүмкін емес. Одан бөрі де сұрапыл соғысқа Созақ ауданының аттанып майданнан оралмаған ерлер жайлы кезекті кітап та жарық көрді.

Әрине Ұлы Жеңіс оңайлықпен келмегені белгілі. Сондықтан да сөз соңында айтарым, жастарымыз арамызда жүрген ардагерлеріміздің көрген тауқыметінің бірде біреуін көрген жоқ. «Алғыспенен ел көгереді» демекші, ағалар алғысын ала отырып, ардагерлер ісін өнеге тұтып, сол кісілердің қиындыққа төзіп, ел құрметіне бөлену жас ұрпақтың абзал парызы, азаматтық борышы деп білеміз.

Нұрхан ЖАҚСЫЛЫҚ,
«Тұран» университеті жур-
налистика факультетінің 4
курс студенті.

Аудандық ардагерлер кеңесі, облыстық ардагерлер кеңесінің 2024 жылғы арналған жұмыс жоспарын басшылыққа алып, соған сәйкес, аудандық ардагерлер кеңесінің Пленумында 2024 жылғы арналған іс-шаралар жоспары бекітіліп, тиісінше жұмыстар атқарылды.

Қазіргі кезде аудандық зейнетақы төлеу орталығының есебі бойынша, ауданда 6511 зейнеткер бар болса, оның 90,6 пайызы аудандық ардагерлер ұйымында тіркеуде тұрған ардагерлер. Яғни, есептегі ардагерлер 30 бастауыш ардагерлер ұйымдарына тартылған.

Өткен жылдан бері аудандық ардагерлер ұйымындағы ардагерлердің саны 300-ге артып отыр. Олардың ішінде 1-ҰОС ардагері, 5-Чернобыль апатына қатысқандар, 10-қайтыс



Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің 2024 жылы

болған соғыс мүгедектерінің қайтадан некеге тұрмаған жесірлері, 152-тыл еңбеккері, 2000 жуық батыр ана, алтын алқа, күміс алқа иегерлері бар.

2024 жылы аудандық ардагерлер кеңесінің 2-пленумы, 6-рет аудандық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген төралқа отырысы, 1-рет аудандық, 1-рет облыстық семинар-кеңес өткізілді. Бұл жиындарда аудандық ардагерлер кеңесінің 2024 жылғы іс-шаралар жоспарында қаралған мәселелер талқыланды.

Аудандық ардагерлер кеңесі және оның жанынан құрылған тұрақты комиссиялар аудандық «Әжелер алқасы», «Әкелер мектебі» 2024 жылға арнап жасалған іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыстар атқарып келді. Жылдағы дәстүр бойынша, аудандық ардагерлер кеңесі 8 наурыз «Халықаралық әйелдер» күнін, 9 мамыр «Жеңіс күнін» және 22 наурыз «Ұлыстың Ұлы күні» мерекелерін атап өтуге арнап аудан әкімшілігімен бірлесе отырып іс-шаралар жоспарын жасап, елді мекендерде, аудан орталығында атап өту жұмыстарын ұйымдастырды.

Аудандық ардагерлер кеңесі, жылдағы дәстүр бойынша, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 79-жылдығына орай, тиісті іс-шаралар жоспарын жасап, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарына, ауыл, кент округі әкімшіліктерімен аудан әкімшілігінің тиісті бөлімдеріне тиісті іс-шаралар жоспары жіберіліп, бірлесе жұмыстар атқарылды.

Өткен жылдың 7 мамыры күні, Созақ ауданының әкімі М.Тұрысбеков Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, ауған соғысының ардагерлерін Чернобыль апатына, тәжік, таулы Қарабақ қақтығыстарына қатысушы ардагерлерді қабылдап, сый-сияпаттар жасады. Қабылдауда аудан әкімі, аудандық мәслихат төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы және Ұлы Отан соғысының ардагері Жылысбаев Мырзахмет, басқа да соғыс ардагерлеріне теңестірілген жауынгерлер сөз сөйлеп, өздерінің құттықтауларын жеткізді.

ҰОС-ның ардагері Жылысбаев Мырзахметке аудандық бюджеттен 1500 мың теңге төленсе, «Ардагерге құрмет» акциясы бойынша 1800 мың теңге демеушілік есебінен берілді. ҰОС қаза тапқан жауынгерлердің 10-жесіріне бюджеттен 775,3 мың теңге, тыл ардагерлері 161-адамға 5944,1 мың теңге жеке есеп шоттарына аударылып берілсе, «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы бойынша 97 адамға 3820,0 мың теңге табысталды. Ұлы Жеңіс мерекесіне орай аудан орталығында белгісіз солдат ескерткішіне аудан әкімшілігі, аудандық мәслихат және аудандық ардагерлер кеңесі атынан жеке-жеке арнайы корзиналармен гүл шоқтары қойылып, құран оқылып, митинг өткізілді.

9 мамыр күні Сызған ауылдық округінде, Қозмолдақ елді мекенінде

соғыс ардагерлеріне арналып ескерткіш орнатылып, ашылу салтанаты өткізілді. Ұлы Отан соғысының ардагері Жылысбаев Мырзахметтің үйіне аудан әкімі, аудандық мәслихат төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы барып, арнайы құттықтап, өздерінің сый-сияпаттарын тапсырды.

Сонымен қатар, аудандағы түрлі кен орындарының басшылары, мекеме және ұжым басшылары арнайы барып, сый-сияпат жасап құттықтады. 9 мамыр «Жеңіс күніне» арнайы іс-шаралар барлық ауыл, кент округ әкімдіктерінде өткізілді. 3 ауылда ардагерлер арасында шахматтан жарыс өткізілсе, барлық мектептерде ҰОС ардагерлерімен, соғыс ардагерлеріне теңестірілген жауынгерлермен, тыл ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылып, «Ерлік» сабақтары өткізілді.

2024 жылы жергілікті және облыстық бюджет есебінен 735 ардагер шипажай және демалыс орындарында демалып келді. 2024 жылы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесе отырып, аудандық ардагерлер кеңесі аудандағы көзі тірі 152 тыл еңбеккерлерінің әлеуметтік, тұрмыстық жағдайын зерттеп, жол картасын жасау

лата жасау мәселелері заңдастырып шешуге жұмыстар жүргізілді.

Аудандық «Созақ үні» газетінің редакциясымен тыл еңбеккерлерінің беделін көтеру, сол кездегі жанқиярлық еңбектерін аудан халқына әсіресе жастарға үлгі ету туралы мақалалар беріп отыру мәселелері шешілді. Бәрімізге белгілі, ұрпақ тәрбиесі ең өзекті мәселе болып отырған тақырып. Аудандағы ардагерлер ұйымдары жастарға тәрбие беру мақсатында кездесулер, дөңгелек столдар, әртүрлі отырыстар өткізу, ұлттық салт-дәстүрімізді насихаттау жұмыстарымен қатар, кейінгі кезде облыстық ардагерлер кеңесінің бастамасымен «Әкелер мектебінің» жұмыстарын жақсарту мәселелерімен түпкілікті айналыса бастады.

2024 оқу жылға арналған жеке-жеке сынып үшін «Тәрбие тал бесіктен басталады» атты тематикалық тақырыптар бойынша әдістемелік оқу нұсқаулығымен бірге балалар тәрбиесіне көмегі тиеді деген жолдарын қарастырып, тәрбие жұмысына жаңа бағыт-бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылды.

Өткен жылы мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың

құралы және өнер-спорттық қайнар көзі болып табылады. Осы мақсатта маусым айының 17-күні ауданда грек-рим күресінен Қазақстан спорт шебері, аудандағы «Қайрат» ерікті спорт қоғамның тұңғыш төрағасы, ауданда спорт мектебін ашып, волейбол, баскетбол, футбол ойындарын қалыптастырушы Дауленбаев Оралбайды еске алуға арналған, аудан ардагерлері арасында волейболдан жарыс өткізілді.

Ауыл округтерінен, елді мекеннен келген ардагерлер командалары арасындағы жарыс өте тартысты өтіп, бірінші орынды Аққолтық, екінші орынды Созақ, үшінші орынды Таукент ауылдарынан келген ардагерлер командалары иеленді. Команда ойыншыларына аудандық ардагерлер кеңесінің жүлделі кубоктары, диплом-

дарымен алғыс хаттары және демеушілер есебінен ақшалай сый-сияпаттар тапсырылды. Жарысқа команда жасақтан әкелген Таукент, Жыныс, Созақ, Шолаққорған, Бабата, Жартытөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағаларына, аудандық ардагерлер кеңесі атынан рахмет айтамыз. Басқа ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағалары жұмыстарына салғырт қарап, командалар әкелмеді.

Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің 28-ақпанында болған V-пленумының №5/2 және №5/3 қаулыларын басшылыққа алып, жұмыстар жүргізуде. Ардагерлер ұйымдарында «Әкелер мектебі» және «Әжелер алқасы» құрылымдарында бірлесе жас ұрпаққа тәрбие беру жұмыстарын жандандыру қолға алынды.

Ұлттың ұлт болып қалуы қашанда оның тілі мен дінінің, салт-дәстүрінің бекемділігіне байланысты. Оның негізі отбасылық ұрпақ тәрбиесінде жатыр. Осы ретте отбасындағы ата мен әженің рөлі ерекше. Ардагерлер ұйымы, оның ішінде «Әжелер алқасы» бүгінгі қоғамда баға жетпес байлық, бойға тереңнен сіңіретін тәрбие құралдарының көзі болып отыр. Бұл мақсатта аудандық «Әжелер алқасы» ауылдағы «Әжелер алқасымен» бірлесе тағылым мол іс-шаралар өткізуде.

19 тамыз күні аудандық «Әжелер алқасының» төрайымы, «Парасат» орденінің иегері М.Қайыржанованы Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы әкімдігі ардагер спортшы ретінде шақырып, ҚазССР-нің құрамы командасының мүшесі, облыс, республика чемпионы, спорт шеберлігіне үміткер ретінде «Жаңаарқадан түлеп ұшқан қарлығаш» атты тақырыппен қонақ етіп халықпен кездесіп қайтты.

Аудандағы үлкен бастауыш ардагерлер ұйымдары жанынан 2017 жылдан бері «Дәнекер» пилоттық жобасы бойынша ардагерлерден қоғамдық медиаторлар ұйымдастырылып, жұмыстар жасап келеді. 2024 жылдың 1 жарты жылдығында 1-азаматтық даулар, 7-отбасы даулары, 12-өзге де құқықтық қатынастар туралы дауларға қатысты істерді шешуге ардагер-медиаторлар қатысты.

Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті V-пленумының №5/3 қаулыларын басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілді. Онда атап көрсетілген бастауыш ардагерлер ұйымдарында есеп беру-сайлау жиындарын кестеге сай өткізу мәселесі толық орындалды.

Облыстық ардагерлер кеңесінің жіберген бастауыш ардагерлер ұйымдарындағы есеп беру-сайлау науқаны мәселелері бойынша төралқада, қабылдаған қаулыларды және есеп беру-сайлауы өткізу жөніндегі ұсынымдарды басшылыққа алып, оны аудандық ардагерлер кеңесінің төралқа отырысында қарап, бастауыш ардагерлер ұйымдарында өтетін есеп беру-сайлау жиындарының кестесін бекітті.



жұмыстары жүргізілді.

Өйткені ауданымызда, бір ғана ҰОС-ның ардагері болғандықтан және оларға теңестірілген тыл еңбеккерлерінің ең жасы 86-те, үлкені 100-жастан асып отырғандықтан, осы кісілерге көңіл бөлу басты назарда. Олардың мемлекет тарапынан алатын зейнетақыларына қосымша төленетін қаражаттың және атқарушы орындар беретін бір жолғы жәрдем ақыларының көлемін ұлғайту мәселелері жөнінде тиісті орындарға ұсынымдар берілді.

Аудандық аурухана әкімшілігіне, тыл еңбеккерлерінің денсаулық жағдайларына байланысты диспансерлік есепке қойып, тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, дәрігерлердің қабылдауына мүмкіншілігінше кезектен тыс кіргізу, оларға бөлек па-

130 жылдығын атап өту мақсатындағы іс-шараларға, ғылыми-теориялық конференцияға жастар өкілдерін қатыстыруға көп көңіл бөлінді. Аудан мектептерінде және қосымша «Әкелер мектебінің» жұмыс жоспарына «Сұлтанбек оқулары» кіргізіліп, онда «Алаш» ардақтыларының өмірі, насихатталып, Созақтың тарихымен кеңінен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Аудандық Сұлтанбек Қожанов атындағы өлкетану музейінде түрлі кездесулер ұйымдастырылды.

Аудан ардагерлері арасында С.Қожановтың 130 жылдығына байланысты шахматтан, бильярдтан жарыстар өткізілді. Әкелердің қоғамдағы рөлін көтеру, оларды жастарға үлгі-өнеге етіп көрсету мәселесі күн тәртібінен түспейтін мәселе. Әке балалары үшін әлем туралы, еңбек туралы, техника

Ол туралы облыстың ардагерлер кеңесіне және барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарына 26.02.2024 жылғы №19 шығыс хатпен жіберілген болатын. Алдын-ала 16.02.2024 жылы аудандық ардагерлер кеңесінің V-пленумынан кейін, бастауыш ардагерлер ұйымдарында есеп беру-сайлау жиындарын өткізу жөнінде арнайы семинар өткізіліп, онда есеп беру-сайлау жиынының маңызы және оны қалай ұйымдастыру керектігі жайлы жан-жақты түсіндіріліп, барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағаларына, облыстың ардагерлер кеңесі жібеген ұсынымдар таратылып берілді. Бекітілген кестеге сәйкес аудандағы 30 бастауыш ардагерлер ұйымдарында есеп беру-сайлау жиындары өткізілді. Ол жиындарға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

дық ардагерлер ұйымының есеп беру-сайлау жиындары өткізілді. Барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстарының қорытынды мәліметі, және 2,3-қосымша кестелерге сәйкес облысқа берілді. Есеп беру-сайлау жиналысына жауапкершілікпен қарап, сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз еткен Жартытөбе, Бабата, Қымкент, Созақ, Қайнар, Сызған, Жуантөбе, Абай, Қаратау ауылдық ардагерлер кеңестерінің төрағаларына алғыс білдіреміз. Басқа бастауыш ардагерлер ұйымының төрағаларына әлі де болса жұмыстарын ширатуды, әрбір жұмысқа жауапкершілікпен қарауды тапсырамыз.

Өткен жылдың көктем айларында Қазақстанның 10 облысын су басуына байланысты өңірлерде төтенше

Бабата жерінен бастау алып, Созақ, Жуантөбе, Жартытөбе, Ақсұмбе т.б. ауылдарда жалғасын тапты. Шахматтан, дойбыдан жарыстар ұйымдастырылды, қарттарға арналып ән-жырдан шашу тартылып, сый-сияпат көрсетілді.

26 қыркүйекте қарттар күніне орай бильярд спортынан 70-ке дейінгі және 70-тен асқан қариялар арасында аудандық жарыс өткізілді. Мерекелік жарыстың жеңімпаздары алғыс хаттармен және қаржылай марапатталды.

17 қазан күні «Қарқара-98» көрмесінің қатысушысы, ардақты ана, алтын алқа иегері, еңбек ардагері Өтева Бибайша Бекмағанбетқызының 92 жас мерейтойына арналған «Аяулы, абзал ана-Бибайша!» атты тағылымды іс-шара өтілді.

«Katco» БК ЖШС-ның Бас директоры Паскаль Бастьен мырзаның демеушілігімен 2024 жылға аудан ардагерлеріне газет-журналдарға жаздыруға 5053154 (бес миллион елу үш мың бір жүз елу төрт теңге) көлемінде қаржы бөлінді.

29 қазан 2024 жылы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам, адал еңбек, адал табыс» тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында Ә.Молдағұлова және А.Сүлейменов жалпы орта мектептерінде оқушылар мен жас ұстаздар арасында «Діни фанатизм» атты тақырыпты талдап, пікір алмасу ұйымдастырылды.

15 қараша 2024 жылы ардагер-ұстаз, ақын-жазушы Тұмартай Дінтайұлымен «Мыңжылқы» мәдениет сарайында жастармен шығармашылық кездесу кеші өткізілді.

атқарған жұмыстары және алдағы міндеттері туралы



сы Қ.Еспенбетов, төраға орынбасары М.Иманбеков, аудандық «Әжелер алқасының» төрайымы М.Қайыржанова, «Әкелер мектебінің» төрағасы А.Тоқтыбаев, барлық ауыл, кент округі әкімдері, аудандағы аудан әкімшілігінің тиісті бөлімдері, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихаттың төрағасы және аудандық «Созақ үні» газетінің редакторы С.Теңізбаевта қатысты. Есеп беру-сайлау жиындарының өткізілу барысы, аудандық «Созақ үні» газеттерінде суреттерімен қоса жарияланып отырды.

Барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарында есеп беру-сайлау жиындары ардагерлердің көптеп жиналуымен, белсенділігімен өтті. Ауылдардағы ардагерлердің көтерген өзекті мәселелеріне жиынға қатысқан тиісті мекемелердің өкілдері, ауыл, кент әкімдері, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары жауаптар берді. Аудандық ардагерлер кеңесі, бастауыш ардагерлер ұйымдарында айтылған өзекті мәселелерді, ұсыныс-пікірлерді жинақтап, аудан әкіміне, тиісті бөлімдермен, ауыл, кент әкімдеріне жазбаша жіберді. Есеп беру-сайлау жиындарында жастары үлкейгендіктен және денсаулықтарының нашарлауына байланысты Созақ, Жыныс, Балдысу, Раң, Қарабұлақ ауылдарының төрағалары өз өтініштерімен босатылып, орындарына жас ардагерлерден төрағалар, ауыл ардагерлерінің ұсыныстары бойынша сайланды.

Шолаққоған ауылындағы ардагерлердің саны 1817 болғандықтан, Теріскей-1, Теріскей-2, Наурыз-1, Наурыз-2, Ақшам, Балдысу шағын аудандарына бөлініп, 5-цехтық ұйымдары құрылды. Әрбір цехтық ұйымдардан делегаттар сайланып, аудан орталығындағы Шолаққорған ауыл-

жағдай жарияланды. Өңірлердегі су тасқыны халықтың жылдар бойы жинаған үй-жайын, мал-мүлкін әп сәтте тас-талқанын шығарды. Осы төтенше жағдайға байланысты аудандық ардагерлер кеңесі, аудан ардагерлеріне су басқан елге ниеттес екенімізді білдіріп, қаржылай көмектесу мақсатында үндеу хат жариялады. Үндеу хат аудан ардагерлерінен қолдау тауып, өздерінің зейнетақысынан мүмкіншілігінше қаржы жинап, 1300 мың теңге Батыс облысқа да су тасқынынан зардап шеккен отбасыларын қолдау мақсатында қаржы аударды. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда, белсенділік танытқан Қаратау, Абай, Қымкент, Жуантөбе, Сызған, Тасты ауылдық ардагерлер кеңестерінің төрағаларының жұмыстарын атап айтқым келеді. Ол кісілерге рахмет.

Аудан ардагерлері Мемлекет басшысының бастамасымен ұйымдастырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына да бір кісідей қатысты. Шілде айының 25-күні бүкіл аудан ардагерлері бастама көтеріп, облыс ардагерлер кеңесінен келген хатқа жауап ретінде үлкен сенбілік ұйымдастырды. Одан аудан орталығынан, ауыл, кент округтеріндегі 30 елді мекендерден 600-ден астам ардагерлер қатысып, болашақ ұрпаққа үлгі өнеге көрсетті. Бұл бастама жалғасын тауып, қараша айында Қымкент, Жуантөбе, Созақ, Қаратау, Қыземшек, Сызған, Абай, Шу ауылдарында екінші рет ұйымдастырылды. Аталған ауылдардың бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағаларына алғысымызды білдіреміз.

27 қыркүйек күні аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде «1 қазан-Қарттар күніне» орай «Ата-ұрпақтың тірегі, «Әже-шаңырақтың жүрегі» тақырыбында салтанатты жиын өтілді.

Бірнеше күнге созылған игі шара

Облыстық ардагерлер кеңесінің тапсырмасына сәйкес, облыстық «Әжелер алқасы», Созақтық «Әжелер алқасына» қазақтың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында «Құс тұмсық» және «Үме» (Асар) тақырыптарын берген болатын. Бұл салт-дәстүрді тек ауызша ғана насихаттамай, қойылым арқылы көрсетуді «Әжелер алқасы» қолға алды. Бұл көріністер ауылдарда және Түркістан қаласында, Созақ ауданының күндерінде көрсетілді.

7 қыркүйекте Түркістан қаласында өткен Созақ ауданының мәдени күндері аясында өткен облыстық фестивалде «Сырлы Созақ» АХҰ өз үлестерін қосты.

23 қазан 2024 жылы «Әкелер мектебінің» «Ұрпақтар тәрбиесіндегі рөлі» атты тақырып аясында «Жас ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыс» тақырыбында облыстық семинар-кеңес өткізілді.

Жас ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, тиісті мемлекеттік орындар, қоғамдық ұйымдардың рөлі жайлы семинар-кеңесте жан-жақты талқыланды.

Бұл семинар-кеңеске облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Ә.Сапарбеков қатысып, баяндама жасады.

04 қазан 2024 жылы Түркістан қаласында өткен «Батагөй қария» облыстық байқауында, Созақ ауданынан барған қария Өтепбай Имашов жүлделі екінші орынмен марапатталды.

Қасиетті өңірімізде ата салтын ардақ тұтқан, айтар сөзін салмақтай білетін, жастарға ағалық етер өнегесі бар, ауызы дуалы қарияларымыз көптеп саналады.

10-13 қараша 2024 жылы ардагер-ұстаз Ниетқабил Беркінбайұлының 75 жасқа толған мерей тойына орай, бокстан жасөспірімдер арасындағы Республикалық ашық турнир өткізілді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің өткізген барлық іс-шаралары, жиындары аудандық «Созақ үні» газетінде жарияланып отырды. Газеттің жұмына ардагерлер кеңесі атынан рахмет айтамыз.

Облыстық ардагерлер кеңесінің 2025 жылға арналған іс-шара жоспарын басшылыққа ала отырып, аудандық ардагерлер кеңесінің 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді.

Мемлекет басшысының «Ана тілі» газетіне «Мақсатым-экономиканы және егемендікті нығайту»-деген тақырыппен берген сұхбатында өткен жылғы өзгерістер туралы мазмұнды ойлар айтылып, оның әрі қарайғы дамуын айшықтайтын келелі тұжырымдар жасалды.

Президентіміз «Біздің реформаларымыздың, экономиканы дамыту үшін қабылдап жатқан шараларымыздың бәрі азаматтардың әл-ауқатын жақсартуды, тұрмыс сапасын арттыруды көздейді. Басқа мақсат жоқ, бұл-Үкіметтің ең басты міндеті»-деп нақтылады. Биыл, Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығы.

Түркістан облысында Ұлы Отан соғысына қатысушы 10 ардагер болса, соның бірі-бізден жерлесіміз Жылысбаев Мырзахмет.

Жылысбаев Мырзахмет қариямен аудан орталығында, өзі туып-өскен жерінде «Ел тыныштығы- бәрінен қымбат» тәрбие дегіге аясында «Дара тұлға ортамызда»-атты жастармен, аудан тұрғындарымен сыр-сұхбат мәдени кездесу іс-шараларын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз.

Алдағы кезде де, аудандық ардагерлер кеңесінің, аудан ардагерлерінің құқықтарымен бостандықтарын қорғау және есебін жүргізу, олардың лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз етуге көмектесу, еліміздің саяси-қоғамдық өміріне қатыстыру, қазақтың салт-дәстүрін насихаттау, жаһандану жағдайындағы біртұтас ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жылдағы Қазақстан халқына арналған жолдауларымен мақалаларын ардагерлерге, жастарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу басты мақсаты болып табылады.

Қорыта айтқанда, аудандық ардагерлер кеңесі, мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен, аудан, ауыл округі әкімшіліктерімен, демеушілермен бірлесе отырып, мемлекетіміздің саясатын, Республикалық ардагерлер ұйымының Х-съезінің шешімдерін, облыстық ардагерлер кеңесінің пленум, төралқа қаулыларын орындау мақсатында жұмыстар жүргізіп келеді, алдағы уақытта да жұмыстар жүргізетін болады.

Қ.ЕСПЕНБЕТОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің
төрағасы.

Биылғы жылды Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағанда көптеген елді мекендерде, шалғай жұмыс орындарында, алыс жайылымдарда еңбегімен елеусіз еленбей жүрген жұмыскерлердің кеудесіне үміт шамы жанды. Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асырылуда.

Еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білім беру және еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру 2025 жылдың басты мақсаты және негізгі жоспардың бірі.

Бұл - еңбек пен жұмысшы мамандықтары өкілдерінің ел дамуына қосқан үлесін ерекше мойындаудың символы.

Архив қызметкерлері елдің тіршілігін қамтамасыз етуде шешуші рөл

Еңбегімен еленер кәсіп иелері



атқарады. Олар өздерінің күнделікті қажырлы еңбегімен қазақстандықтардың өткен жылдардағы еселі еңбектерін, түрлі ресми құжаттарын сол қалпында сақтау, сұрап келгенде тауып беру, ұйымдар мен өнеркәсіптік кәсіпорындардың үздіксіз жұмысын

қамтамасыз етеді.

Біз архив саласының дамуына үлкен үлес қосатын мамандарымызды мақтан тұтамыз. Олардың тәжірибесі, білімі мен ісіне адалдығы елдің архивтік жүйесінің сенімділігі мен тұрақтылығының негізі болып табылады.

Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттыруға, жастарды осы салаға тартуға және еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрларды даярлауға бағытталған. Елімізде жұмысшы мамандықтарға қатысқы қандай жобалар жүзеге асырылса да мамандықтар мәртебесіне деген

құрмет болып табылатыны анық. Бүгінгі таңда шопан, құрылысшы, аспаз, диханшы мамандықтары жоқтың қасы. Халықтың көптеген сұраныстарының ішінде жұрттың көп іздейтіні осы мамандық иелерін іздейді. Демек, бұл кәсіп иелеріне сұраныс мол. Ол үшін олардың жалақыларын арттырып, жағдайларын жасау маңызды қадам.

Еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білім беру және еңбек нарығына қажетті мамандықтар бойынша оқытуды жетілдіру биылғы алға қойылған жоспарлардың бірі екені даусыз. Сондықтан биылғы жылы жұмысшы мамандық иелеріне жасалып жатқан қолдаулар өз деңгейінде болатынына сенімдіміз.

Шолпан ЕСТАЕВА,
Созақ аудандық архивінің
архивісті.

СООБЩЕНИЕ РАБОЧЕЙ ГРУППЫ ПО ФОРМИРОВАНИЮ ЧЛЕНОВ ОБЩЕСТВЕННОГО СОВЕТА СОЗАКСКОГО РАЙОНА

В соответствии со статьей 9 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах», рабочая группа по формированию членов Общественного совета Созакского района сообщает о проведении конкурса по избранию членов Общественного совета Созакского района.

Состав Общественного совета формируется от представителей государственных органов и на конкурсной основе не менее двух третей от представителей некоммерческих организаций и гражданского общества.

Кандидатуры в члены Общественного совета Созакского района выдвигаются некоммерческими организациями, гражданами путем самовыдвижения.

Срок полномочий Общественного совета составляет три года.

В соответствии со статьей 10 Закона Республики Казахстан «Об общественных советах» требования к кандидатам в члены Общественного совета Созакского района:

- 1) быть гражданином Республики Казахстан, достигшего восемнадцатилетнего возраста, постоянно проживающего на территории Созакского района;
- 2) не должен иметь судимость, которая не погашена или не снята в установленном законодательством Республики Казахстан порядке;
- 3) не должен иметь быть в установленном законом порядке признанным судом виновным в совершении коррупционного преступления и (или) коррупционного правонарушения;
- 4) не должен иметь состоять на учете в организациях, оказывающих медицинскую помощь в области психического здоровья, по поводу психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ.

Граждане, представители некоммерческих организаций, желающие принять участие в конкурсе в течение десяти рабочих дней после даты опубликования объявления о проведении конкурса, подают нарочно по адресу: село Шолаккорган, улица Жибек жолы, №16 или направляют на его электронную почту maslihat_sozak@mail.ru следующие документы:

- 1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;
- 2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;
- 3) справка о наличии либо отсутствии судимости;
- 4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ;
- 5) копию удостоверения личности гражданина Республики Казахстан;
- 6) согласие на сбор, обработку, распространение и публикацию персональных данных кандидата.

Дополнительную информацию о порядке внесения предложений по кандидатурам для участия в конкурсе и необходимых документах можно получить в районном маслихате (кабинет №414) или по телефону 8 (72546) 4-25-65, сот.87782227658 у заведующего постоянных комиссии аппарата Созакского районного маслихата Таскынова Нағашбека Ади́лбековича.

Принимать предложения нарочно будет осуществляться в рабочие дни с 09.00 до 19.00 часов, перерыв на обед с 13.00 до 15.00 часов.

Суббота и воскресенье выходной.

Руководителю рабочей группы по формированию Общественного совета Созакского района

от _____

(Фамилия, имя, отчество (при наличии) заявителя, проживающего (ей):
(населенный пункт, улица, дом, квартира, тел. электронная почта)

Заявление

Выдвигаю свою кандидатуру (даю согласие на выдвижение моей кандидатуры) для включения в состав Общественного совета Созакского района.

Настоящим заявлением подтверждаю, что я ознакомлен с положениями Закона Республики Казахстан от 2 ноября 2015 года «Об общественных советах» и обязуюсь соблюдать его требования.

Прилагаю следующие документы:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

« ____ » _____ 2025 года. Подпись заявителя _____

СОЗАҚ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫ ХАБАРЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңының 9-бабына сәйкес, Созақ ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Созақ ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық кеңестің құрамы мемлекеттік органдардың өкілдері қатарынан және конкурстық негізде коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері, азаматтар қатарынан қалыптастырылады.

Қоғамдық кеңес құрамы мемлекеттік органдардың өкілдерінен және кемінде үштен екісі конкурстық негізде коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтық қоғам өкілдерінен қалыптастырылады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатураларды коммерциялық емес ұйымдар және азаматтар жеке өзін-өзі ұсыну жолымен ұсына алады.

Қоғамдық кеңес өкілеттіктерінің мерзімі үш жылды құрайды.

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес; Созақ ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар:

- 1) Созақ ауданының аумағында тұрақты тұратын, он сегіз жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматы болуы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы болмауы;
- 3) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауда кінәлі деп танымаған болуы;
- 4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) себебі бойынша психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

Конкурстық қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде хабарландыруда көрсетілген келесі құжаттарды Созақ ауданы Шолакқорған ауылы, Жібек жолы көшесі №16, мекен-жайы бойынша қолма-қол береді немесе maslihat_sozak@mail.ru электрондық поштасына жолдайды:

- 1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын және (немесе) азаматтың өтінішін;
- 2) өмірбаян деректері көрсетіле отырып, кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;
- 3) сотталғандығының болуы не болмауы туралы анықтама;
- 4) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтардың (аурулардың) болуы не болмауы туралы анықтама;
- 5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 6) кандидаттың дербес деректерін жинауға, өңдеуге, таратуға және жариялауға келісімі.

Конкурстық қатысу үшін кандидатуралар бойынша ұсыныс енгізу тәртібі жөнінде қосымша ақпаратты және ұсынылатын құжаттарды аудандық мәслихаттан (№414 кабинет) немесе 8 (72546) 4-25-65, сот.87782227658 телефоны бойынша аудандық мәслихат аппараты тұрақты комиссиялар бөлімінің басшысы Таскынов Нағашбек Әділбекұлынан алуға болады.

Ұсыныстарды қолма-қол қабылдау жұмыс күндері сағат 09.00-ден бастап 19.00-ға дейін жүргізіледі, түскі үзіліс 13.00-ден 15.00 сағатқа дейін. Сенбі, жексенбі күндері демалыс.

Созақ ауданының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының басшысы _____

кімнен
(өтініш берушінің аты, жөні, тегі
Тұратын
(елді мекен, көше, үй, пәтер, тел. электрондық поштасы)

Өтініш

Созақ ауданының Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатурамды ұсынуға келісімімді беремін (өз кандидатурамды ұсынамын).

Мен осы өтініш арқылы «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін.

Мынадай құжаттарды қоса беремін:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____
- 6) _____
- 7) _____

« ____ » _____ 2025 жыл Өтініш берушінің қолы _____

Есірткіге елірген қоғам

Қазақстанда да, бүкіл әлемде де үлкен алаңдаушылық тудыратын өзекті мәселелердің бірі—нашақорлықтың таралуы. Бұл құбылыс жеке адамның ғана емес, жалпы ұлттың денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Бүгінгі күні нашақорлық мәселесі әрқайсымызға әсер етуі мүмкін. Шиеленістің күшеюі, стресстік жағдайлар, белгісіздік, тұрақсыздық өскелең ұрпақта мінез-құлықтың асоциалды нысандарын - нашақорлықты тудырады.

Есірткі—бұл психикалық жағдайдың өзгеруіне әкелетін, жүйелі түрде қолдану тәуелділікке әкелетін өсімдік немесе синтетикалық текті химиялық заттар.

Есірткі заттарын қабылдау жеке тұлғаның деградациясына және ағзаның бұзылуына өте белсенді ықпал етеді, және бұл, адамдар арасында өмір сүретін нашақордың жеке өзіне ғана емес жиі басқалар үшін үлкен қауіп көзіне айналатын іс. Көптеген жағдайларда нашақорлықпен ауыратын адам, екіншіше орай, қоғамға қауіпті қатыгездікке ұшырайды.

Нашақорлық көптеген әртүрлі қылмыстардың, соның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстардың тікелей себебі болып табылады.

Жалпы нашақорлық ұлттың физикалық және моральдық денсаулығына қауіп төндіреді. Бұған ұрпақтардың генетикалық азғындауы және нашақорлықтың СПИД, гепатит, басқа да ауыр аурулар, гомосексуализм және жезекшелік проблемаларымен тығыз байланысы кіреді. Мұнда әртүрлі әлеуметтік мәселелердің жиынтығы бар.

Әрбір нашақор артынан бірнеше адамды есірткіге тартуға бейім. Бұл нашақорлықтың «әлеуметтік жұқпалы ауруы».

Есірткіні көп қолдану едәуір қаражатты қажет етеді. Дегенмен қаражаттың болмауынан нашақорлар көп жағдайда өз отбасынан, жақындарынан, достарынан қомақты сома алып жатады, кейіннен тіпті қаражаттың жоқтығынан қылмысқа да баруы жиі кездеседі. Яғни, бір қылмыс екінші қылмысты тудырады.

Қылмыстық кодексте есірткі заттарын қолданып, сақтап, сатып, таратушыларға жаза ауыр. Бірақ солай екен деп есірткіден бас тартып жатқандар көп дей алмаймыз.

Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде есірткі заттарын тұтынудың ғана емес, есірткі заттарын тасымалдап, сатып, сақтаудың да соңы жауаптылыққа соқтыратынын үнемі түсіндіріп, ескертіп отыру маңызды.

Денсаулық-зор байлық дегендей өмірің жарқын, болашағын зор болсын десең, елінің жұлдызы болам десең денсаулығыңды сақтаған жөн.

Ж.ИСАЕВА,
«Созақ аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК
Жуантөбе ДА мейіргері.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары мұраға беріле ме?

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бірінші төлем түскен кезде автоматты түрде ашылатын және жұмыскерлердің меншігі болып табылмайтын шартты жинақтаушы шоттарға аударылады. Тиісінше, оларды мұраға қалдыруға болмайды. Жүйеден шыққан (ҚР азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған) адамдар үшін төленген жарналар қалған қатысушылар арасында бөлініп, өмір бойы төленетін болады.

-Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделу ақысын төлеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерін алуға болатын қолжетімді соманы қалай тексеруге болады?

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) жүзеге асыру, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушыға міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен сенімгерлік басқаруға беруге болатын зейнетақы жинақтарының қолжетімді сомасы туралы ақпаратты мынадай тәсілдермен алуға болады:

-БЖЗҚ сайтындағы жеке кабинетте;
-БЖЗҚ ұялы қосымшасындағы жеке кабинетте;
-eGov.kz веб-порталы мен eGov mobile ұялы қосымшасында.

Қадамдық нұсқаулық eprf.kzсайтында орналастырылған.

-Салымшы өзінің зейнетақы жинағының жай-күйін қалай қадағалай алады?

БЖЗҚ-да шот ашқан кезде шоттардың жай-күйі туралы ақпарат алу тәсілі болып, әдетте, eprf.kz сайтындағы немесе БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасындағыжеке кабинет арқылы алу әдісі айқындалады. Бұл мүмкіндік шоттары бұрын ашылған тұлғаларға да берілген. Алғаш рет жүгінген кезде қарапайым тіркелу рәсімінен өту жеткілікті.

Сондай-ақ, салымшылар шоттардың жай-күйі туралы ақпаратты egov.kzэлектрондық үкімет порталы арқылы ала алады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Туберкулез - ежелгі жұқпалы аурулардың бірі туберкулез әлемдегі ең көп таралған инфекциялардың бірі микроскоп астындағы туберкулез микробы қатты ұлғайған кезде кішкентай таяқша тәріздес болып көрінеді, сондықтан туберкулез таяқшасы деп аталды. Туберкулез-бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын жұқпалы ауру туберкулез - бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының - сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және

қоршаған ортаға 2-6 м радиуста ауада таралатын миллиондаған микобактерияларды бөледі, олар еденге, заттарға шаңмен бірге тәнады және көптеген жылдар бойы өміршең болып қалуы мүмкін. Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті, немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін, науқас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды. Егер өкпе туберкулезімен ауыратын науқас барлық гигиеналық талап-

Туберкулез туралы не білу керек?

басқа ағзалардың да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі жұқтырудың негізгі көзі-туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам. Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Жетелгенде, түшкіргенде немесе қақырғанда өкпе туберкулезі бар адамдар ауаға туберкулез бактерияларын жаяды. Жұқтыру үшін адамға осындай бактериялардың аз ғана мөлшерін дем алуы жеткілікті. Туберкулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, мысалы, микобактериялар тозаңданған, көгерген үй-жайларда адам үшін қауіпті болып қала отырып, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Науқас адам жетелгенде қақырықпен бірге, түшкіру, сөйлеген кезде

тарды сақтаса, онда ол айналадағыларға қауіпсіз. Өкпе туберкулезі тұқым қуаламайды туберкулез ауруымен ауыратын ата-аналардың балалары сау болып туады алайда барлық сақтық шараларын сақтамаған жағдайда бала туберкулезді жұқтырып, ауырып қалуы мүмкін. Туберкулез микобактериялары адам ағзасына түскен кезде ауру жұқтырылады, бірақ туберкулез ауруының дамуы әр жағдайда болмайды. Өкпе туберкулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз тамақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жыныстық жетілу кезеңіндегі жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Консервіленген өнімдердің тағамдық қауіпсіздігі

Ботулизм — құрамында Clostridium botulinum бактерияларының уы (токсині) бар тағамдарды тұтыну кезінде туындайтын тағамдық улану. Ботулизм микробтары спора түрінде кең таралған. Споралар сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталады, мұздатуға және кептіруге төзімді. Жемістер мен көкөністерге, азық-түлікке, үй жануарларына арналған жемге немесе ағзаның ішектеріне (мысалы, балықтардың) түскен жағдайда споралар оттегі болмаған кезде вегетативті түрге айналады және токсин құрайды. Токсин 80 градус температурада 30 минут ішінде, 100 градус температурада10 минут ішінде бұзылады.Ауру бірне-

ше сағаттан 5 тәулікке дейін дамиды. Науқас айналадағы адамдар үшін қауіп төндірмейді. Иммунитет қалыптаспайынша, қайта жұқтыруы ықтимал. Аурудың басталуы әдетте жиі болып келеді. Науқастар іштің ауырсынуына, жүрек айнуына, құсуға, дене қызуының жоғарылауына, нәжістің бұзылуына шағымданады, содан кейін метеоризм, іш қату, іштің толуы, ауыздың құрғауы, бұлшық еттердің әлсіздігі, көру қабілетінің бұзылуы дамиды. Тек өнеркәсіптік дайындалған консервілерді тұтыну ботулизмнің алдын алудың ең дұрыс жолы болып табылады, үйде дайындалған консервілерді қолдан сатып алуға, бүлінген

көкөністер мен жемістерді консервілеуге жол берілмеуі тиіс. Консервіленген банкаларды ашпас бұрын оларды тексеру керек —ыдыста ботулизм қоздырғышы дамыған кезде түбі мен қақпағы ісінуі мүмкін. Тағамды дастарханның үстіне қоймас бұрын азық-түлік өнімдері және кез келген консервілерді қайнату, пісіру, қуыру ботулизмнің, басқа да ішек ауруларының және тамақтануланудың алдын алудың негізгі шарасы болып табылады.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының
басшысы.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтайық!

Ауданымыздағы орман алқаптарында өртке қарсы сақтық шараларын сақтау-әрқайсымыз үшін өте маңызды. Өйткені таза ауа, мөлдір су, жасыл әлем баршасы адамзат баласына күш-қуат, салауатты денсаулық береді. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек.

Жуаныш АЛЖАНОВ,
Созақ орман және жануарлар
әлемін қорғау мекемесінің орман
күзетші-қорықшысы.

Тілсіз жаудың алдын ал

Табиғат ресурстары тозбайтын, жоғалмайтын мәңгілік дүние, болмаса, сарқылмайтын қазына емес. Сондықтан да табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, өрттен, жойылып кетуден қорғап, жанашырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», -деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң — құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатынын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, көзін жоюдан аулақ болайық. Сексеуілдің басты пайдасынан гөрі, бір күндік жылуын, көуап дайындауға таптырмас отын екендігін ойлап, ысырапсыз жарататындар көп. Мың күндігін емес бір күндігін ойлап, табиғатқа залал келтіретін жандар жетерлік. Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды өрттен сақтау әрбірімізге зор міндет. Олардың да қоршаған орта үшін әкелетін зияны көп екенін ұмытпайық. Табиғат әсіресе, орманды жасыл желек адамзаттың бойына шаттық, көңіліне шабыт, сезіміне ерекше шабыт, сезіміне ерекше ләззат сыйлайтын ерекше сұлулық пен әдемілік әлемі. Табиғат — ананы орман өртінен сақтап қорғайық. Ол адамзат үшін ауадай қажет екендігін әрдайым естен шығармайық.

Алмат МЕЙІРБЕКҰЛЫ,
Созақ орман және жануарлар әлемін
қорғау мекемесінің орман шебері.

Жарамсыз деп танылсын

Таңатарұлы Азаматтың иелігіндегі 2013 жылы шығарылған «Lada» 21214120-70 маркалі автокөлігінің KZ 606 AQL/13 мемлекеттік тіркеу нөмірі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

ӘУЛИЕЛІ АТАЖҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

(Жалғасы.
Басы өткен санда).

БИБІ АНА ӘУЛИЕ

Теріскейдегі Қарақұр өзенінің түкпіріндегі Ақмешіт сайында үлкен Сандықтас түбінен шығып жатқан бұлақ көзі бар. Осы бұлақ көзі туралы ел аузында екі түрлі әңгіме әпсана айтылады. Жаугершілік заманы ма, әлде бейбітшілік кез бе екен, кім білсін, Пайғамбар (с.ғ.с) қасиетті Қаратаудың қойнауына келіп, осы арада асыға аттан түсіп, осы жалпақ тастың бетіне отыра қалып, намаз оқыпты. Сонда тас Пайғамбардың демі мен нұрынан балқып, сол жерге екі тізесі мен саусақтарының ізі түсіп қалған екен. Бұл ел ішіндегі әпсананың бір түрі.

Екіншісінде үдере көшіп бара жатқан жаугершілікте Биби есімді ана осы қақпа тасқа отыра қалып, жалғыз Жаратушыдан қантөгіс қырғынды тоқтатуын сұрап, жалына жалбарынғаны айтылады. Содан ақпейіл ананың саусақтары мен шөкелей отырған екі тізесінің ізі тас бетінде қалып кетіпті. Тас бетіне түскен ойдым-ойдым нүктелер де көп. Бұл Биби ананың тамған көз жасының ізі көрінеді. Қалай десек те шындыққа екіншісі жуық келеді. Сондықтан болар, жергілікті халық осы маңнан шығып жатқан бұлақ суын Биби ана бұлағы десе, тас бетіне түскен тізе мен саусақ ізін ананың атымен атайды, «Биби ананың көз жасы» аталатын тас қалдығы да бар. Ана құдыретіне бас иген кейінгілер осы бұлақ басына мешіт салдырып, қадірлейді, құрмет тұтады, киелі мекен жай ретінде бағалайды. Айналасын тазалап, мал-жанның аяқасты болуынан қорғаштап отырады. Содан барып сол жерлерді ел Биби әулие-Ақмешіт атап кеткен екен. Дүниедегі қиянатқа, қантөгіске қарсы, күннің нұрынан жаралған аналық пәк сезімнің пірі ретінде Биби ананы ел әлі күнге есіне алып отырады. Басына барып тау етеді, құрбандық шалады, құран бағыштап түнейді.

ДӨҢГЕЛЕК ӘУЛИЕ

Басына қойған белгісі мен қабірі Раң ата ауылының күн шығыс бетіндегі Қатынбұлақ бойында. Дөңгелек, шеңбер тәрізді темірмен қоршалған ескі қорымның ішінде бірнеше адамның моласы бар. Сол молалардың үлкені, үсті таспен айналдыра қоршай обаланған, биіктігі 0,85-0,90 метр шамасындағы үйінді моланы жергілікті халық «Дөңгелек әулие моласы» деп атайды. Әулиенің бас жағында үлкен қарағаш, шығыс бөлігінде үлкен жиде ағашы өсіп тұр. Қалған бөлігін жыңғыл басқан. Осы ескі қорым маңында бірнеше жаңа қорым бар. Жалпы Раң ата ауылының тұрғындары бұл қорымды Дөңгелек әулиенің атымен «Дөңгелек ата» қорымы деп атайды.

Қорымның оңтүстік-шығысы жайылма тегістікпен ұштасса, батысы мен солтүстік-батысы қаратаудың жон арқаларымен ұласады. Әулие жатқан қорымның оңтүстігінде ескі бұлақ көзі мен оның ескі ағынды сүрлеуінің ізі бар. Жергілікті халықтардың айтуына қарағанда, бұл бұлақ суы бірде ағып, енді бірде



тартылып тұрады екен. Дөңгелек әулиені халық Бөкенбай әулиенің баласы, әке әруағы қонған қасиеті мол, киелі әулие деп атайды. Дөңгелек әулие Кеңес үкіметіне дейін өмір сүрген. Ол туралы түрлі аңыз-әңгімелері бар.

Әулиенің қасиеті-жаяу жүрістің ұшқыры екен. Барар жеріне аттылы кісіден бұрын жетеді екен. Қағілез, шағын, жүзі жылы иманды жан болған. Пенделерге тек жақсылық шарапаттан басқа тілері жоқ. Адалдықтың, қайырымдылықтың бата-гөйі.

КҮЛТӨБЕ КИЕЛІ ОРНЫ МЕН
ӘУЛИЕ АҒАШЫ

Ежелгі көшпенділердің тікелей мұрагері болып саналатын қазақ халқы басына күн туған XVII-XVIII ғасырларда Күлтөбеде жауға қарсы бас біріктірген, үлкен жиын өткізген, ортақ жауға бірге соққы беруге, даласын қорғауға пәтуаласқан қасиетті «Күлтөбенің басында күнде жиын» болған әйгілі мекеннің бірін Қаратау қойнауындағы Күлтөбе болған екен. Күлтөбе қалашығының қасиетті орны Раң ауылынан 2,5-3 шақырымдай оңтүстікте, тау қойнауына кірген кездегі Раң өзенінің бойында орналасқан. Шығыс бөлігі таудың етегіне барып тірелсе, батыс беткейі раң ата өзенінің бойын жағалай орналасқан. Күлтөбе қаласының ците-делі жақсы сақталған. Қаланың сыртында қорған және қорғанды айнала қоршап тұрған су тоғанының орны көзге анық байқалады. Төбенің бірнеше жерінде таудың қатпарлы тастарымен қоршалған ескі қорымның орны бар. Қалаға бірнеше жерден қазба жұмысы жүргізілген. 1972 жылдың маусым айында Кемел Ақышовтың жетекшілігіндегі Сейда-зым Жолдасбаевтың археологиялық тобы тексеру жұмыстарын жүргізіп, бірнеше жерге қазба жұмысын жасаған.

Жергілікті халық бұл XVII-XVIII ғасырлардағы қасиетті мекендеі ұмытпай кейінгі ұрпақтарына жалған. Бұл жер бүгінде-қасиетті, киелі, әулие мекен! Адамдар басына барып зиярат етеді. Дүниеде қираған қала орны көп, дегенмен бірде бір киелі болып саналмайды. Ал осы Күлтөбе жеріне келе қалсаңыз: «Абайлаңыз аяғыңыздың астында адам моласы жатыр» деп шырақшы жолбасшы үйіндіге айналған тас

қоршау қабірлерді көрсетеді.

Қираған қаланың оңтүстік қақпасы аузында жергілікті халық қандай тұқымдас ағаш өкендігін айтып бере алмайтындай белгісіз «Әулие ағашы» (Қызылтас) өсіп тұр. Жергілікті тұрғындар «Біздің жақтың ағашы емес»-дейтін осы ертеден өсіп тұрған ағаш түбіне зиярат етіп, құрбандыққа мал шалады, сыйынады. Сонымен түскен дәнінен өніп, жасарып отыратын бұл ағашты кесуге, орынсыз тиісуге, отын етуге «Киесі ұрып кетеді» деп қорқады.

Бұл жердің байырғы тұрғындары ел басына күн туған қатерлі заманда осында жиналып үлкен істерге кееңес өткізіп отырыпты. Ел жиналып тасаттық беріпті, тілек зарын айтып, жауға қарсы аттаныпты. Елдің батагөй қариялары осында бас қосып, батырларына бата беріпті.

ҚЫЗ ӘУЛИЕ

Қарақұр ауылынан 12 шақырым Жамантұма биігінде кәдімгі киіз үй секілді андықтастар бар. Кірер есігі бар. Тұрғылықты ел аңызы былай дейді: Ертеде бір дуалы ауыз бай кісі қызын жасаулап ұзатып отырып: «шырағым, үлде мен бүлдеге ораған болдым. Енді қандай тілегің бар?»-депті. Сонда ерке қыз: «Итаяғым күмістелмеді» деген екен. Дүниеге көзі тоймаған қанағатсыз қызына қапаланған әлгі кісі «Тас боп қал!»-деп қарғаса керек. Содан көш түнеген жерінде осылай тасқа айналған деседі. Бұл әңгіме дерегі Теріскейде айтылатын «Келіншектау» аңызымен сарындас келеді. Бірақ «Қыз әулие» әпсанасында қарғысқа ұшыраған қыз рухы өз қателігін түсініп, содан былай жарылқаушы әруаққа айналады. Тасқа айналып бара жатқан заттарын көрген қыз санасында өкініш пайда болып, пейілі өзгерген деседі. Қанағаттылықты қалап, ана бойындағы алуан түрлі қасиеттердің уызы бойына дарып, соның куәсіндей болып, бойына әруақты, әулиелі қасиет дарыпты. Сондықтан перзент көрмей жүрген әйелдер осы жайға келіп сиынатын болыпты.

Әулие қыздың құдыреті туралы ауыл тұрғыны Қадыр Қалдарбекұлы:

-Түркістан қаласында тұратын қай-ным Қошыбайдың жұбайы Толғанай келін ұзақ жыл құрсақ көтермей жүрді. Сыйынбаған әулие, қаралмаған дәрігер қалмады. Есіме Әулие қыз түсіп, келінді алдырып басына барып үш күн түнеттірдім. Бұл -1964

жыл еді. Жарылқаушының барына қалай сенбейсің. Келінім келер жылы ұл тапты. Атын Аманкелді қойдық. Қазір екі ұл, бес қызы бар. Осыны естігенде құда балам Ыбырайым Әбдірахманұлы да Қазығұрт ауылынан арнайы зиярат етіп келді. Бұл кісілер де перзентсіз еді. Басына шырақ жағып, үш күн түнеп, зиярат қылды. Жарықтық тағы да жарылқап, дүниеге қыз келіпті. Құда балам арнайы шақырып, қызының атын қойып беруімді өтінді. Мен нәрестенің атын «Дүниенің ең қымбаты осы болар»-деп Қымбат қойдым. Ыбырайымның қазір бір ұл, екі қызы бар,-деп таңдана әңгімелейді. Сондай ақ теріскейлік Бейісбекқызы Нештай ана да Алданыш пен Аманжол есімді перзенттерінің дүниеге келуіне тікелей себепкер Әулие қыз екенін жыр етіп айтады. Алданыш қазір осы ауылда тұрмыста, үйлі жайлы екен.

Есімі ұмыт болса да жарылқаушылық қасиетіне табынып, «Қыз әулие» атап кеткен бұл кісінің шапағаты мол, қайырымды. Қариялардың айтуына қарағанда, «Сұлу өңді, талдырмаш бойлы, қарақат көз, жібек мінезді, пәк сезімді қазақ қызының кейпін береді» екен.

ӨКІМСЕЙІТ ӘУЛИЕ

Өкімсейіт әулиенің қабірі Раң ауылының оңтүстік-батысында, ауылдың дәл іргесінде, тау қойнауына кіреберіс беткейде орналасқан. Раң ауылының тұрғыны Тілеубек Ыбырайымұлының әңгімесіне қарағанда, Өкімсейіт әулиенің шын аты Сейіт болған екен. Ел ішінде сот ісімен айналысып, үкім шығарған заңгер кісі болыпты. Қайтыс болғанда жаназасына келген кісілерге үлкендер: «Бұл кісі заңгер болған, дегенмен біреулерге дұрыс шешім, ал енді біреулерге бұрыс шешім шығарып, қиянат жасаған болуы мүмкін. Енді мынау мүрдесіне қиянат болмасын, сондықтан жаназаға келген кісілер бір-бір тастан тастаңыздар»-деп, қабірінің үстіне төбе қылып үйдірген екен. Содан аты да Өкімсейіт аталып кетіпті.

Өкімсейіт әулиенің қабірі бүгінде жалпы биіктігі 2,5-3 метрдей шамасындағы төбешікке айналған. Оңтүстігі мен батысы тау етегімен ұштасса, шығысы мен солтүстігі Раң ауылынан тауға шығатын тасжолмен байланысады. Төбенің басына төрт темірді бір-біріне дәнекерлеп, төртеуінің түйіскен шына темірден жасалған жартыкөш ай қойылған. Төбенің солтүстік-шығыс бөкейінде 0,75 x 0,35 см көк мәрмәр тасқа «Өкем Сейіт әулие. 2003» деп әулиенің аты мен мәрмәр тастың қойылға жылы жазылған. Төбенің оңтүстік-шығысында, дәл іргесіне бір түп тал егіп, оны қоршап қойса, төбенің 3-4 метрдей солтүстік-шығысында 2,0x10 метрлік шарбақпен қоршалған тағы бір қабірдің орны бар. Қоршаудың оңтүстік-шығысында үлкен тал ағашы өсіп тұр.

Қасиеті: Түрлі бәле-жала, жын-шайтаннан қорғайды. Өмірі тәтті, орнықты, бақытты болғысы келетіндердің тілегін орындаушы.

Басылым беттерінен алып жинақтаған: Мақсат ҚАРҒАБАЙ. (Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС**Меншік иесі-****"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі****Директор:**
Абилпаттаев Ержан Бакытжанович**Бас редактордың уақытша****міндетін атқарушы:****Мақсат Қарғабай****Жауапты хатшы:****Мақсат Қарғабай****Редакция құрамы:****Аға тілші-****Данияр БЕКОВ****Тілшілер-****Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ****Біріккен ЖАНДӘУЛЕТОВ****Дизайнер-****Асхан БАҚТЫБАЕВ****Терімші-****Бағила АЯЗБАЕВА****Фототілші-****Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады**Индекс 64450****Редакцияның мекен-жайы:** 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3300 дана**Кезекші редактор:**

М.Қарғабай.